

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің " Еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) ауыр (ерекше ауыр), қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстарда істеген адамдарға жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысына және жұмыс уақытының ұзақтығын қысқартуға құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен қызметтердің Тізімін (Тізбесін) қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылы 3 тамызда N 1211 тіркелген, 2000 жылғы 19 шілдедегі N 175-ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2003 жылғы 11 ақпандағы N 27-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 18 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2176. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 31 шілдедегі N 182-Ө Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007.07.31. N 182-Ө (қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Еңбек және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылы 3 тамызда N 1211 тіркелген, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылы 20 мамырда N 1855 тіркелген, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 90-ө бұйрығы) "Еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) ауыр (ерекше ауыр), қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстарда істеген адамдарға жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысына және жұмыс уақытының ұзақтығын қысқартуға құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен қызметтердің Тізімін (Тізбесін) қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 19 шілдедегі N 175-ө бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) ауыр (ерекше ауыр), қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстарда істеген адамдарға жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысына және жұмыс уақытының ұзақтығын қысқартуға құқық беретін өндірістердің, цехтардың,

кәсіптер мен қызметтердің Тізімін (Тізбесін) қолдану жөніндегі нұсқаулыққа:

1 бөлімде. Тау-кен жұмыстары:

125-тармақтың 4) тармақшасындағы "Қысқартылған жұмыс күнінің ұзақтығы (сағатпен)" бағаны мынадай редакцияда жазылсын: "6";

126-тармақтың "Қысқартылған жұмыс күнінің ұзақтығы (сағатпен)" бағанындағы "6" деген сан алынып тасталсын;

137-тармақтың "Қысқартылған жұмыс күнінің ұзақтығы (сағатпен)" бағанындағы "6" деген сан алынып тасталсын.

2. Осы Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр